



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//13 ҚЫРКҮЙЕК 2018 ЖЫЛ

ЖАҢҒЫРТУ: ИНДУСТРИЯ 4.0

ӨНДІРІСТІ ӨНІРДІҢ ӨРКЕНДІ ӨРІСІ

Өткен жұмада Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болған мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар өнеркәсіп кәсіпорындарын аралап, өндіріс инфрақұрылымдық даму жоспарымен танысты. Жер көлемі мен қазба байлығы, өнеркәсіптік қуаты жағынан республикадағы ең ірі облыс – Қарағанды өңірі ежелден еліміздің маңызды индустриалдық орталығы болып саналады. Республиканың өнеркәсіптік өндірісінде жоғары орын алатын облыс өнеркәсібінің құрылымында негізінен өңдеуші саланың үлесі басым, 81 пайызды құрайды. Мемлекет басшысы өңір өнеркәсібінің жетекші салалары – тау-кен – металлургия кешені (бағалы және сирек кездесетін металдар өндірісі, кара және түсті металлургия мен металл өңдеу), көмір, машина жасау, химия және фармацевтика, құрылыс материалдары өндірісі өрісті дамыған облыстың экономикалық даму көрсеткіштерінің оң қарқынын айрықша атап өтті.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Мемлекет басшысы жұмыс сапары барысында «Make» жауапкершілігі шектелуі серіктестігінің Қарағанды құю-машина жасау зауытында болып, роботандырылған заманауи құрылғылармен және автоматтандырылған басқару жүйесімен жабдықталған жана зауыттың өндірістік үдерісімен танысты. Осы ретте облыстағы инвестициялық жобалардың іске асырылу жоспары баяндалып, «Қазакмыс» корпорациясы» компаниясының жұмыстары таныстырылды. Кәсіпорын ұжымымен және Қарағанды мемлекеттік техникалық универ-



ситетінің студенттерімен кездесуде Елбасы экономиканы дамытудың заманауи үрдісіне сай дуальді білім берудің және кадрлар даярлаудың маңыздылығын атап өтті. Елбасы келесі кезекте өндірістің жаңғырту жобаларының бірі – озық құрылғылармен жабдықталған, қуаттылығы жылына 4 миллион биотехнологиялық дәрі-дәрмек бумасын шығаруға мүмкіндік беретін «Қарағанды фармацевтика кешені» ЖШС-ның өндірістік кәсіпорнында болып, облыстағы денсаулық сақтау саласын цифрландыру және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясындағы жоба-

лардың іске асырылу барысымен танысты. Мемлекет басшысы Қарағанды қаласының жана орталығы – «Онүстік-шығыс» ауданында салынып жатқан тұрғын үй алабының құрылысын аралап көрді. Жана орталық аумағында бірқатар өкімшілік ғимараттар мен спорт кешендері, концерт залы, балалар мен жасөспірімдер үйі, логистикалық көтерме-тарату орталығы және мектеп салу жоспарланған. Елбасыға қаланы дамыту үшін тұрғын үйлер мен әлеуметтік маңызы бар нысандар салудың барысы мен құрылыс жұмыстарының, сонымен қатар «Нұрлы жер» және «Нұрлы жол»

бағдарламаларының іске асырылу барысы, оның ішінде «Балқаш – Бурылбайтал – Қапшағай» жолының құрылысы мен облыс аумағындағы жолдарды қайта жөндеу нәтижелері жөнінде баяндалды. Мемлекет басшысы Достық үйінде этно-мәдени бірлестіктердің жұмысымен танысқаннан кейін өңір жұртшылығымен кездесуі аясында өткен әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне арналған кеште облыстың даму көрсеткіштерінің оң қарқынын айрықша атап өтті. – Бес жыл ішінде 1,7 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Тұрғын үй

құрылысының қарқыны жөнінен бұл өңір республикада төртінші орында, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Елбасы Қарағанды өңірінің еліміздегі ең урбанизацияланған аймақ екенін, облыстағы барлық елдімекенде әлеуметтік инфрақұрылымды ілгерілетудің маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысы еліміздің көлік-транзит әлеуетін пайдалануға және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған стратегиялық даму бағдарламаларының одан әрі іске асырылуына ерекше назар аударды.

> [3]

Бет қатталып жатқанда

► Мәжілістің жалпы отырысында Қазақстан, Түрікменстан және Оңбектаның мемлекеттік шекараларының түйеуі нүктесін айқындау туралы заң жобасы мақұлданды.

► Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан-Қырғыз мемлекеттік шекарасын шегендеу туралы шартты ратификациялау» туралы заң жобасы мақұлданды.

► Биыл қаңтар-шілде айларында еліміздің сыртқы сауда айналымының ақшаға шаққандағы көлемі 2017 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 20,1%-ға артып, 51 944,4 млн долларды құрады.

► Мәжіліс депутаттары көлік мәселелері бойынша кейбір заңнамалық өзгерістерді талқылауға кірісті. Соның ішінде республикалық жолдарда көлік құралдарын жанпай тоқтату тәжірибесіне тыйым салу да бар. Инвестициялар және даму вице-министрі Тимур Тоқтабаевтың айтуынша, көлікті тоқтатудың нақты себептерін енгізу жоспарланған.

► Түркістан облысы Келес ауданының Бірлік ауылында жұрда ғана үшем дүниеге келген қонбалалы Түктібаевтар отбасы баспаналы болды.

► Алматыда жылдам автобус қатынасы (BRT) желісіндегі жолаушылар зегі 40 пайызға арты. «Ілқис» арда бұл көрсеткіш еселенсе, адамдар, әсіресе жүргізушілер барар жеріне талса немесе өз көлігінренің гөрі қоғамдық көлігін жету ыңғайлырақ екенін түсіне бастайды», – дейді Алматы транспорт халдіннің директоры Садир Хамаев.

САРАПТАМА

Инфляцияның өсу салдары

Экономиканың дамуына жайсыз әсерін тигізеді

Белгілі қазақстандық экономист, Қазақстан Халық Банкінің ешлес ұйымы «Налук Finance» АҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы Мурат Темірханов бұл жайында өз пікірімен бөлісті. Ол Налук Finance сайтында жарияланған мақаласында «үлттық валютаның долларға қарсы ештеңе негізделмеген құнсыздануына жол беріп, ҚР Ұлттық банкі (ҚР ҰБ) валюталық арна арқылы экономикаға инфляциялық қысым трансмиссиясы үшін жағдай жасайды» дейді.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

«Жалпы алғанда, егер теңгенің долларға ағымдағы бағамы осы жылдың аяғына дейін сақталса, онда біздің (бұл жерде және оған әрі де Налук Finance-тың талдаушылары – ред.) инфляцияның шектеулі дәлдізден (7%-дан артық болмай) шығып кететініне ықтималдықтың мейлінше басым ауырталдығымен болжауымызша, нәтижесінде ҚР ҰБ

базалық мөлшерлемелі ұлғайтуға мәжбүр болады да, бұл өсе түскен инфляциямен бірге Қазақстан экономикасының өсуіне жайсыз әсерін тигізеді», – делінген құжатта. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 3 қыркүйекте базалық мөлшерлемелі 9% деңгейінде қалдыруға шешім қабылдады. Мұндай шешім қабылдауға «қалпына келе бастаған ішкі сұраныс тарапынан да, әлемдік экономика көрсеткіштері тұрғысынан да орташа мерзімді көзжиекте инфляцияның тежелуі әлеуеті төмендеп, инфляцияға қарсы факторлардың әсер тигізуінің күшеюі» негіз болған. Бұдан әрі мөтінде «инфляция аясындағы сипат көбінесе, формальді түрде Ұлттық банктің ақша-кредит саясатына қатысы жоқ, факторлармен айқындалатыны» атап айтылған. Сондай-ақ 4 қыркүйекте реттеуші ағымдағы уақыттағы инфляцияға қысым көрсетіп жатқан факторлар жөнінде

«Инфляция болжамы туралы» баспасөз хабарламасы жариялады. Сол құжатта аракідік былай делінген: «Бұл Ресей рублі мен дамушы елдердің басқа валюталарының құнсыздануы аясында байқалып отырған ұлттық валюта бағамының әлсіреуімен; РФ-да инфляция өзінің таргеттелетін деңгейінен ықтималды асуына байланысты сыртқы инфляциялық аяныш нашарлауымен; сыртқы монетарлық жағдайлар қатандырумен; қорлар төмендеуі және әлемдік тұтыну ұлғайу салдарынан дәнді дақылдарға күтіліп отырған баға белгілеудің өсуіне байланысты болды. Сонымен қатар, инфляциялық үрдістерді халықтың нақты ақшалай кірістерінің өсуі аясында ішкі тұтынушылық сұраныстың оң серпіні, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібіндегі баға индексіннің жоғары деңгейде сақталуы (жылдық мөнде) айқындайтын болады».

> [4]

НЕГІЗГІ ӨСІМ



Жергілікті үлес ұлғая береді

ҚПО шетелдік мердігерлерді қалай міндеттеуде?

Өңірдің, тұтастай алғанда экономикасын дамытуда жергілікті үлесінің айрықша орны бар. Осыны терең түсініп, қазақстандық тауарлар мен қызметтерді кеңінен тартуға басымдық берген кәсіпорындардың бірі – «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» екендігі көшілікке мәлім. Ағымдағы жылдың бірінші жартысында Қазақстанның мұнай-газ индустриясындағы үлгілі жобала жергілікті үлес 56%-ке жетті.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Қарашығанақ мұнай-газ кенішін ұлғайтудың миллиардтаған инвестициялармен бекітілген бірінші кезеңі аяқталды та қалды. Демек, бұл жобаны отандық мазмұнмен толықтаратын кез де алыс емес. Ол үшін отандық өнімдер халықаралық стандарттарға сай болуы керек.

> [5]

Индекстері			
KASE	2173.1	-0.54%	↓
FTSE 100	7273.5	-0.08%	↓
MSCI World	2147.7	0.23%	↑
S&P 500	2887.9	0.37%	↑
Dow Jones	25971.1	0.44%	↑
Russel 2000	1718	0.05%	↑
Russel 3000	1716	0.33%	↑
11 Қыркүйек 2018			
Тауарлар			
Мұнай	79.1	2.16%	↑
Мыс	5847.3	-0.84%	↓
Қорғасын	1946	-3.17%	↓
Мырыш	2305.3	-1.04%	↓
Никель	12146.5	-1.47%	↓
Алюминий	2008.5	-2.51%	↓
Уран	27	0.19%	↑
11 Қыркүйек 2018			
Валюта нарықтары			
USDKZT	378.85	0.05%	↑
EURKZT	440.77	0.33%	↑
USD RUB	69.415	-1.63%	↓
USD JPN	28.07	-0.34%	↓
USD BVR	21745	0.18%	↑
EUR USD	1.1606	0.10%	↑
GBP USD	1.3033	0.05%	↑
11 Қыркүйек 2018			



БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

▶ Перспектива

Түркістанның дамуы пысықталды

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан қаласын дамыту жөнінде кеңес өткізді.

Жиын барысында Мемлекет басшысына Түркістан қаласын дамытудың жоспары мен перспективалары жөнінде мәлімделіп, облыс орталығын Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшіруге қатысты тапсырмалардың орындалуы туралы баяндалды.

— Елімізде жаңадан Түркістан облысының пайда болғанына баршаға мәлім. Бұл орынды шешім деп санаймын. Облыс орталығы енді Түркістан қаласына көшеді. Бұл — барлық жағынан да күрделі үдеріс, — деді Қазақстан Президенті.

Елбасы Қазақстан халқы үшін де, бүкіл түркі әлемі үшін де Түркістан қаласының тари-



хи әрі рухани мәні зор екеніне айрықша тоқталды. — Бұл — түркі халықтарының киелі мекені. Сондықтан мұнда жұрт көп келеді. Бұл жерде көптеген танымал тұлғалар жерленген, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Кенесте Премьер-Министрдің бірінші орынбасары А.Маминнің Түркістан қаласының аумақтық даму тұжырымдамасы жөніндегі баяндамасы және Түркістан облысының әкімі Ж.Түймебаевтың әкімшілік-аумақтық

басқару органдарын жаңа облыс орталығына көшіру барысы жөніндегі баяндамасы тыңдалды. Атап айтқанда, Қазақстан Президентіне инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар салу жоспары, сондай-ақ қаланы энергиямен және сумен қамтамасыз етуге қатысты ұсынылған шешімдер жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет берілді.

Жиын қорытындысы бойынша Үкіметке және облыс басшылығына бірқатар нақты тапсырма жүктелді.

▶ 100 нақты қадам

Жұмыс барысы сараланды

Үкімет үйінде Премьер-министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның отырысы өтті.

Отырыс барысында Мемлекет басшысының 100 нақты қадам — ұлт жоспарына ала қойған тапсырмаларына іске асыру мөселері талқыланды. Қазірде жұмыс бағыттарының басым бөлігі аяқталу сатысында тұр. Атап айтқанда, қызметтерінің нәтижесіне қарай мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысын көтерудің пилоттық жобасы жүзеге

асырылды, білім беру мен медициналық қызмет көрсету сапасы мен деңгейін арттыру, бәсекелі ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға мемлекетке тікелей қатысты емес функцияларды беру, мемлекеттік органдар мен әкімдердің жанындағы қоғамдық кеңестердің ролін күшейтуге бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Бәсекелі ортаға жобалардың сараптамасын беру, кенес кезінен бері қолданылып жүрген, ескірген құрылыс нормалары мен ережелерінің орнына Еурокод жүйесін енгізу мәселелері қаралды.

Трансұлттық корпорацияларды экспорттық тауарларды шығару және Қазақстанды әлемдік нарықтарға шығару үшін өңдеу секторына тарту, «әкірлі инвесторлармен» — халықаралық стратегиялық серіктестермен экономиканың басым салаларында бірлескен кәсіпорындар құру, ғылымды қажет ететін экономиканы қалыптастырудың негізі ретінде екі инновациялық кластерді дамыту, туристік кластерлерді құру, «Ұлттық чемпиондар» бастамасын іске асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың бағыттары талқыланды.

▶ Көшпелі отырыс

Барлық мәселе бақылауда болады



Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Дарига Назарбаева бастаған комитет мүшелері «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы басқармасына, Ұлттық ұланның 5518 бөлімінде, Күршім шекара отрядында, шекара заставасында болды, сондай-ақ «Майқашағай» өткізу бекетінің жұмысымен танысты.

Бөлім басшысы полковник Орап Батырханов депутаттарға шекарашылардың құпиялық ескері қызметі туралы айтып берді және шекарадағы өткізу бекетіндегі ахуал туралы баяндады. Сондай-ақ сенаторларға

шекара күзетіндегі техникалық құралдар көрсетіліп, паспортқа бақылау жүргізу жұмысының барысы таныстырылды.

Сол күні 2535 әскери бөлімінің Күршім шекара отрядында Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметов, еліміздің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің, Қорғаныс министрінің, Ішкі істер министрінің Ұлттық ұланның басшылығы, шекаралық аудандар әкімдері қатысқан Сенат комитетінің отырысы болды. Кездесуде мемлекеттік шекараны күзету мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, мемлекеттік шекараның

шығыс шебіндегі қазіргі жағдай, әскери қызметшілердің әлеуметтік-тұрмыс жағдайын жақсарту туралы айтылды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары — Шекара қызметінің директоры Д.Ділманов сенаторларға қаржыландырудағы жетіспеушіліктер туралы айтты. Мысалы, шекарашыларға 1 млрд 94 млн теңгеге жуық қаржы керек. Бұл қаржы Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекараның Шығыс Қазақстан облысы аумағынан өтетін бөлігінің бойында орналасқан бөлімшелердің инфрақұрылымдарын дамыту үшін қажет.

Д.Назарбаев көшпелі отырыстың қорытындысы бойынша ұсынғандар әзірленіп, Үкіметке жіберілетінін жеткізді.

Облыс аумағында орналасқан бірқатар әскери бөлімдерде болған депутаттар әскери қызметшілердің тыныс-тіршілігімен, азық-түлікпен қамтамасыз етілу жағдайымен танысты және әскери бөлімнің инфрақұрылымын дамыту мен тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.

▶ ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Үкімет отырысында еліміздегі бұл күндері өзінше әлеуметтік-экономикалық даму мен республикалық бюджеттің атқарылуының қорытындылары баяндалды.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов атап өткендей, ағымдағы жылдың қантар-тамыз айларында экономиканың он өсу үраісі сақталып отыр. Дегенмен, экономикалық даму әлемдік нарықтардағы сын-теуеріндер мен құбылмалылықтардың күшеюі жағдайында жүріп жатыр. Есепті өсімді ІЖӨ өсуі 3,8% құрады. ІЖӨ өсімі бойынша 4% мақсатқа жету үшін, ай сайынғы өсімді ағымдағы жылдың соңына дейін орта есеппен 4,2% деңгейінде қамтамасыз ету қажет.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің шығарылымы жеті айда 3,5% қарағанда 2,4% құрады. Бәсеңдеу Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарындағы егін жинаудың төмендеуінің салдарынан өсімдік шаруашылығының 1,5% төмендеуімен байланысты. Мал шаруашылығы 3,9% өсті. Құрылыс саласы 3,6% мақсатты көрсеткіш кезінде бар болғаны 0,8% өсті. Жеті айда өсім 1,3% болған. Көрсетілген қызметтер өндірісі ағымдағы жылғы қантар-шілдедегі 3,8%-тен 3,7% дейін бәсеңдеді. Мақсатты көрсеткіш 4,1% құрайды. Бұл ақпарат және байланыс қызметтерінің, ғылыми және техникалық қызметтің өсім қарқындарының бәсеңдеуіне байланысты орын алып отыр. Сонымен қатар сауда — 5,8%, көлік саласы — 4,8% өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 21,4% өсті, оның ішінде жеке инвестициялар — 26,8%. Сыртқы сауда айналымы жоғары өсім үрдісін танып сактап тұр. Ол жеті айда 20,1% — \$51,9 млрд ұнайды. Экспорт 26% — \$34 млрд өсті. Сонымен қатар шикізаттық емес тауарлар экспорттың өсімі 4,1% — \$9 млрд артты. Негізгі өнім импортталатын инвестициялық тауарлар — машина және жабдықтар сеебінен қамтамасыз етілді. Еңбек нарығында тұрақтылық сақталып, жыл басынан бері 297,1 мың адам жұмысқа орналастырылды. Жалақы бірқалыпты қарқынмен өсуде.

Қаржы министрі Б.Сұлтанов осы жылдың сегіз айындағы бюджеттің орындалуының негізгі көрсеткіштері туралы баяндады. Бюджеттің негізгі көрсеткіштері айтарлықтай жақсарыған. Мысалы, трансферттерсіз мемлекеттік бюджеті 5,252 трлн теңге кіріс түтті. Бұл сома 2015 жылдың жалпы жылдық көлемінен 74 млрд теңгеге артық. Экономиканың барлық салаларында макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруы, оның ішінде мұнай мен мө-

нал бағасының өсуі, кірістердің өсуіне бірден-бір себеп болды. Сондай-ақ бұған салықтық-жекедік өкімішпендіру рәсімдерінің тиімділігінің артуы да ықпал етті. «Бюджеттердің барлық деңгейлерінде кірістер бойынша ағымдағы жоспарлар артығымен орындалды. Мемлекеттік бюджет — 104,7%, республикалық бюджет — 103,7% және жергілікті бюджет — 107%. Нақтыланған жоспардың жылдың аяғына дейін толық орындалуына ешқандай кедергілер жоқ», деп баяндалды сөйсеңде әлі қаржы министрі қызметінде болған Б.Сұлтанов. Шығыста есепті кезеңде 7,439 млрд теңге сомаға атқарылды. Олардың ішінде 55% әлеуметтік салаға жіберілді. Шығыстар бой-

Ұлттық экономика. Қаржы министрлігінің есептерін тыңдағаннан кейін, Үкімет басшысы бюджеттік қаражаттар елуіне сомада игерілімі қалған министрліктерге талап қойды. Мәселен, Қорғаныс министрлігінде республикалық бюджеттен бөлінген, игерілмеген қаражат сомасы — 15,4 млрд теңге, Мәдениет және спорт министрлігінде — 11,1 млрд теңге, Ауыл шаруашылығы министрлігінде — 10,9 млрд теңге, Ішкі істер министрлігінде — 9,5 млрд теңге, Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде — 5,7 млрд теңге. «Мұндай қомақты қаржыға көптеген мектеп, аурухана, балабақша салып, жолдарды жөндеу болады. Бұл қаражаттар уақытылы игерілуі тиіс».

Жүктелген іске жауапкершілік керек



ында игеру деңгейі айтарлықтай жоғары: мемлекеттік бюджет — 97,9%, республикалық бюджет — 98,6% және жергілікті бюджет — 97,8%.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға билығы республикалық бюджетте 476,3 млрд теңге қарастырылған. Ал кешенді жоспардың 887 объектісінен ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 515 объектісі сатуға қойылған болса, оның ішінде сомасы 246 млрд теңгенің 435 объектісі сатылды. Сату экономикалық жағынан тиімсіз болуына және үш объектінің сауда-саттық нәтижелері бойынша сатылмағандығына байланысты, 269 объекті қайта ұйымдастыру және тарату сатысында. Осылайша ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіндегі қайта ұйымдастырылған және таратылған объектілерді ескере отырып, Жекешелендірудің кешенді жоспары 79,4% орындалды. Жалпы жекешелендіру процесі сату кестесіне сәйкес жүрде, ағымдағы жылдың соңына дейін тағы да 70 объекті, оның 15 республикалық меншік объектісі, 24 коммунальдық меншік объектісі, 31 ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың активтері сатуға қойылады.

дей келе, Б.Сағынтаев игерілмеген қаражаттар ведомстволардың төңерімінен алынып, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруға қайта бағытталатынын баса айтты.

Сонымен қатар экономикалық өсім көрсеткіштеріне қол жеткізілімге өнімдерге де жеделі назар аударылды. Премьер-министр ұлттық экономика министрінің баяндамасын тыңдағаннан кейін 11 өңірдегі төменгі көрсеткіштер экономикадағы қолайлы үрдістерге сай келмейтінін айтты. Сондай-ақ көрсеткіштердің төмендеуі құрылыс және инвестициялар салаларында байқалады. Өрине, экономикалық өсімнің төмендеуіне сыртқы факторлар мен турбуленттілік те әсер етуде. Бірақ бұл тапсырмаларды орындамауға себеп емес. Сондықтан мәселеге мұқият жауапкершілікпен қарау қажет. Президенттің тапсырмаларын іске асырып, осы жылды табысты аяқтау алатындай барлық мүмкіндік бар екенін баса айтқан Үкімет басшысы, әкімдерге ағымдағы жағдайға талдау жасап, экономикалық өсімнің мақсатты көрсеткіштерінің орындалмауына жол берген басшылардың жауапкершілігін қарауды тапсырды.

▶ УАҚЫТ АҒЫМЫНДАҒЫ БІР СӘТ: БАС ҚАЛАНЫҢ КЕШЕГІСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІСІ



Жоғарғы суретте: Қазіргі Астана қаласындағы Ақорданың көрінісі

Төменгі суретте: Ақмола (қазіргі Астана) қаласындағы Ақорданың көрінісі 1997 жыл.



ТАҒАЙЫНДАУЛАР

ӘСЕТ ИСЕКЕШЕВ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалды

БАҚЫТ СҰЛТАНОВ

Астана қаласының әкімі болып тағайындалды

СЕРГЕЙ КОНОВАЛОВ

ҚР қоғамдық даму вице-министрі болып тағайындалды

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

ЖАҢҒЫРТУ: ИНДУСТРИЯ 4.0



Өндірісті өңірдің өркенді өрісі

> [1]

Елбасы облыс әкімінің баяндамасын тыңдап, жұртшылық өкілдерімен әңгімелескен соң, экономикалық өсімді одан әрі қамтамасыз ету мақсатында бірқатар басты мәселелерді шешу қажеттігін айтты.

— Облыста арнайы экономикалық аймақ құрылған. Бүгінде мұнда барлығы 15 кәсіпорын тіркелсе, соның тек алтауы ғана жұмыс істеп тұр. Әкімдікке арнайы экономикалық аймақтың әлеуетін жандандыру жөнінде нақты шаралар әзірлеуді тапсырамын. Ірі инвесторларды қырықсы, химия және медицина индустриясы, сондай-ақ металл өңдеу салаларына тарту қажет, — деді Мемлекет басшысы.

жұмысты жандандыруды, Қарағанды қаласын дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясы мен оны іске асыру жөніндегі жол картасын әзірлеуді тапсырды.

Ел экономикасындағы бизнестің маңызды рөлін атап өте келіп, Мемлекет басшысы Қарағанды облысында Бизнесті дамыту картасын әзірлеуді, Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы мен 2020 жылға арналған бизнестің жол картасы аясында тұрғындарды кәсіпкерлікке белсенді тартуды тапсырды.

Сондай-ақ кеңес барысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік форматындағы жаңа жобаларды әзірлеу жүктелді.

Мемлекет басшысы «Бес әлеу-

бойынша қоршаған ортаны ластайтын заттардың төрттен бір бөлігі. Әкімдікке Үкіметпен бірлесіп отырып, облыстағы экологиялық жағдайды жақсарту жөнінде кешенді шаралар қабылдауды тапсырамын, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Жийн сонында Мемлекет басшысы халықтың бірлігін нығайту жолындағы еліміздің жетістіктеріне тоқталып, облыстың одан әрі дамуы үшін мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуының маңызды зор екенін атап өтті.

Қарағанды облысына жұмыс сапарының екінші күні Елбасы жас жұбайлардың неке кию рәсімі өтіп жатқан, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жеке кәсіпкерлік қаражатына салынған жаңа «Ақ са-

лыстағы ірі кәсіпорындардың бірі — «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамына барды.

Елбасы сұрыпты прокат өндіру технологиясымен және металлургия комбинатын одан әрі дамыту жоспарымен танысты. Мемлекет басшысына ЖЭО-1 және ЖЭО-2 кәсіпорындарын қайта құру жоспары, сондай-ақ өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты шешімдер туралы баяндалды.

Металлургия комбинатын аралау барысында Елбасы кәсіпорын жұмысшыларымен кездесіп, әңгімелесті.

— Қазір зауыт аумағында мені ерекше бір сезім баурап алды. Мұнда алғаш рет 1958 жылы кірген едім. Ол кезде бұл жерде ештеңе болған жоқ. Барлығы менің көз алдыма салынды, — деп еске алды Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы комбинат металлургия мен жұмысшыларының еңбегі ауыр екенін атап өтіп, Теміртау қаласы мен зауыттың ахуалын үнемі өз бақылауында ұстайтынын айтты. Елбасы өңірге барысында компания басшылығына қала тұрғындарының тұрмысын жақсарту үшін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі зор екенін ескертіп, қалада мелнишальник, білім беру және спорт нысандарының санын көбейту қажеттігін атап өтті.

Өз кезегінде зауыт еңбек ұжымының өкілдері Қазақстан Президентінің бастамаларына және елімізде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаларға қолдау білдіретіндерін жеткізді.

Елбасы жұмыс сапары барысында Теміртау қаласының мәдениет және демалыс саябағында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізілген қайта жөндеу жұмыстарының нәтижелерімен танысты.

Мемлекет басшысы бюджеттен тыс қаражат есебінен саябақ аумағында салынған нысандарды аралап көрді. Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев саябақта қаланың өткен қазырын 50-60 жылдарындағы тарихын бейнелейтін театрландырылған қойылымды тамашалады.

Металлургия қаласы тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орындарының бірі — жанарып, көркейген саябақта Елбасы өз замандастарымен және кезінде металлургия комбинатында бірге жұмыс істеген бұрынғы әріптестерімен жүздесіп, әңгімелесті.

Осылайша, Мемлекет басшысының өміржолында өзіндік орны бар Қарағанды өңіріне жұмыс сапары жүзеге жылы жүздесулермен өрнектелді.



Осы ретте Мемлекет басшысы тұрғындарға жағдай жасау және олардың әл-ауқатын жақсарту үшін кәсіпорындардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру қажеттігін ескерті.

Нұрсұлтан Назарбаев сонымен қатар жоғары сұранысқа ие импортталатын тауарлар өндірісі мен қызмет түрлерін көрсету ісін жолға қоюды тапсырды.

— Төрт ірі кәсіпорында Индустрия 4.0 элементтерін енгізу жоспарланған отыр, ал 2 кәсіпорын «үлгілі цифрлық фабрика» ретінде айқындалды. Роботандыру, жасанды интеллект, өнеркәсіптік интернет кәсіпорындардың еңбек өнімділігі мен өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар тұрақты жүргізілуі тиіс, — деді Елбасы.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бағытындағы

меттік бастаманың іске асырылу барысына арнайы тоқтала келіп, оның одан әрі сапалы жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев облыстағы жоғары білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй құрылысының сапасы және өңірдің туристік әлеуетін дамытуға қатысты көзделіп отырған мәселелерге тоқталды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету қажеттігін атап айтты.

Кеңес барысында жылмен қамту, өңірдегі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жасыл технологияны енгізу мәселелеріне де ерекше назар аударылды.

— Бір жылда облыстағы өнеркәсіп кәсіпорындарына ауаға 600 мың тоннаға жуық зиянды заттар шығарылды. Бұл — республика

рай» салтанат сарайына барды.

Мемлекет басшысы жас отау иелерін құттықтап, олардың шаңырақтарына бақыт, құт-береке тіледі.


— Ертең Қазақстанда Отбасы күні аталып өтеді. Көп адам үшін бақыт дегеніміз — отбасы және балалары. Сіздерді өмірлеріңізді ең жарқын оқиғамен құттықтаймын! — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы отбасы институтын нығайтудың және еліміздің жас ұрпағын тәрбиелеудің маңыздылығын атап өтті.

Жас отау иелері Қазақстан Президентіне жас отбасыларды қолдау бағытында жүргізіліп жатқан саясаты үшін, соның ішінде «7-20-25» бағдарламасы үшін алғыс білдірді.

Сол күні Мемлекет басшысы «Қазақстан магниткасы» атанған өңірлі металлургия комбинатын, қара металл прокатын шығаратын об-

ЭЛЕМДІК АҚПАРАТ



Беларусьпен тауар айналымы 430 млн доллардан асқан

Осы жылдың қаңтарынан маусымына дейін Беларусь пен Қазақстан арасындағы тауар айналымы 430 миллион астам АҚШ долларын құраған, сондықтан 2014 жылы сауда деңгейіне жетуге мүмкіндік мол, деп хабарлайды <http://eurasia.expert> сайтынан.

Ал бытырғы жылдың аяғында тараптар 2020 жылға қарай тауарайналым көрсеткіштерін 1 млрд долларға дейін арттыруға келісімге келген. Мұндай міндетті сол кезде белорус-қазақстандық бизнес форумында сөйлеген Беларусь премьер-министрінің орынбасары Василий Матюшевский мәлімдеген болатын.

Айта кету керек, белорустық және қазақстандық кәсіпкерлерді біріктірген бұл шара тараптардың экономикалық байланыстарды тереңдетуінің үздік көрсеткішіне айналды. Оған 400-дей белорус және қазақ іскерлік сала өкілдері қатысқан, дейді ақпарат көзі.



Halyk Bank Өзбекстанда Tenge Bank ашты

Қазақстанның Халық банк Өзбекстанда Tenge Bank акционерлік коммерциялық банкі (АКБ) құрғанын хабарлайды, деп жазды Қазақстан қор биржасының сайты.

Бұдан бұрын Халық банкі Өзбекстан нарығына өзінің қызығушылық танытатынын мәлімдеген болатын. 2018 жылдың мамырында банк басқармасының төрайымы Уміт Шахметова Алматыдағы баспасөз мәслихатында Halyk Bank Qazkom-мен біріккеннен кейін Ташкентте тетелес банк құру мүмкін деп хабарлаған еді.



«Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ-ның бірінші жартыжылдықтағы таза табысы 85,2 млрд теңгені құраған, ал банктің жиынтық капиталы 889,9 млрд теңге.



«Қазатомпром» өнім сапасына мән береді

Әлемдегі аса ірі уран өндіруші «Қазатомпром» компаниясының басшысы «баға ауқымнан жоғары» стратегиясын ұстануға уәде берді, өйткені бұл өндіріс саласы төмен бағалармен күресті жағастыруда, дейді <https://www.ft.com> сайтынан.



KAZATOM PROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

Ғалымжан Пірматов осы жылдың аяғында жекешелендірілетін мемлекеттік компания, нарықты үлкен көлемді радиоактивтік материалмен толықтырмай, «жауапкершілікпен» жұмыс істеуге міндетті, делі.

«Біз енді уранды пайдаланылатын ресурс ретінде ғана қарастырмаймыз, оны өзіміз басқаратын құрал деп қабылдаймыз», деген «Қазатомпром» басшысының Лондондағы Дүниежүзілік ядролық ассоциациясы симпозиумындағы сөзін жариялаған әйгілі газет өз беттерінде.

Батыр РАХМЕТҮЛЛИН

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

КРЕДИТЕУ НАРЫҒЫ ҚАЛПИНА КЕЛУДЕ

Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері алды ала деректер бойынша тамыздың соңында \$30,8 млрд. Ұлттық қордың активтері \$56,5 млрд болып, жалпы халықаралық резервтер \$87,3 миллиардты құрды.

Бұл туралы Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақшиев әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджет орындалуының 8 айдағы қорытындылары қаралған үкімет отырысында айтты. Сонымен қатар, 7 айда депозиттер 3,6%-ға ұлғайып, шілденің соңында 18,1 трлн тенге болды. Осы кезеңде ұлттық валюталығы депозиттер 8,4% немесе 766 млрд тенгеге өсті. Шетел валютасына — 1,5%-ға немесе 128 млрд тенгеге қысқарды. Яғни депозиттерінің доллардануы жыл басындағы 48%-дан шілдеде 45%-ға дейін төмендеді.

Төрағанын айтуынша, кредиттеу нарығы қалпына келуде. «Банктердің кредиттері шілденің соңында 13 трлн тенге болды. Статистика банктердің кредиттік қоржыны өзгерістерін көрсетсе де, сапалы өзгерістер болуы», — деді ол.

Бірақтар банктердің жабылуы және желкеленген институттардың қалыпқа келуі нәтижесінде кредиттік қоржын 1,2 трлн тенгеге қысқарған. Бұл институттардың кредиттері енді есептілікте көрсетілмейді. Алайда, басқа банктер кредиттік қоржынын 1,4 трлн тенгеге өсірді. «Быыл 7 айда берілген кредиттердің көлемі 28% немесе 1,6 трлн тенгеге ұлғайды. Кредиттердің негізгі бөлігі төлемге берілді. Қаспоярталарға төлемге берілген кредиттер бойынша мөлшерлемесі 12,4%-ға дейін төмендеді», — деп атап өтті төраға.

Ұлттық банк кредиттеуді одан әрі ынталандыру бойынша бірқатар бастаманы қолға алды. Д.Ақшиев «7-20-25» бағдарламасы бойынша екі айдан аз уақытта 18 млрд тенгеге өтімді мақұданғанын айтты. Бұл бағдарламаны кредиттеудің жылына 200 млрд тенгеге өсу мүмкіндігі барын көрсетеді. Тісінше, банктер 5 жыл ішінде 1 трлн тенге ипотекалық кредиттер бере алады. Яғни банктердің ипотекалық қоржыны екі есе ұлғаяды. «Бастаманың бірі — БЖЗК қаражатын орнықты банктердің облигацияларын сатып алу үшін абыайл пайдалану. Банктер БЖЗК-дан салыстырмалы түрде көп емес қаражатты нарық мөлшерлемесі бойынша ашық негізде алады», — деді Ұлттық банк басшысы.

Сондай-ақ банктерді сауықтыру бағдарламасы кредиттеуді одан әрі ынталандыруға ықпал етеді, ол кезде мемлекеттің қатысуының орнына акционерлер 1-ге 2 пропорцияда толық капиталдандыруға тиіс. Банктер алған қаражат «нашар» кредиттерді есептен шығаруға жұмсалды, бұл оларға экономиканы кредиттеу үшін қаржыны босатуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде 1,3 трлн тенге қайта қаржыландырылды, оның 500 млрд тенге сомасына жаңа кредит берілді. «Тәуекелге бағдарланған қалағалауды ендіру аясында қалыпты банктер үшін 2019 жылдан бастап жеңілдіктер қолданылады. Халықаралық нарықтардан қаражат тартуды шектеу бойынша кейбір нормативтердің күші жойылды. Банктерді қорландыруды ұзартатын жинақ депозиттері енгізілді. МЖК дамуы үшін жобаларға қатысатын кәсіпкерлерді қаржыландыру мақсатында банктердің кредиттерін белсенді пайдалану мәселесі шешілді», — деп түіндеді Д.Ақшиев.

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК: ЦИФРЛЫҚ ӨНІМ

ӘПСӨТТІК ТӨЛЕМДЕР ЖҮЙЕСІН ІСКЕ ҚОСТЫ

Ұлттық банк мобильдік телефон нөмірімен әпсөттік бірегей төлемдер жүйесін қанатқатып режімде іске қосты.

Жаңа жоба мобильдік телефон нөмірімен әртүрлі банктердің клиенттері арасында және 24/7 режімінде төлеуіктің кез келген уақытында ұлттық валютамен ақша аударуға мүмкіндік береді. Ол үшін ақша жөнелтуші мобильдік қосымшада немесе өзінің Жүйеге қатысушы банкінің Интернет банкінің жүйесінде ақша алушының мобильдік телефон нөмірін, аударылатын ақша сомасын және банкінің атын енгізуі қажет. Алушыға оның Жүйеге қатысушы банктің шотына ақша лезде есептеледі. Жүйеде банктік шотты, төлем карточкасын және электрондық ақшаны пайдалану сияқты ақы төлеудің және банктер клиенттері тарапынан аударымды алуудың түрлі құралдары бар. Төлемнің ең жоғарғы мөлшері 500 мың теңгені құрайды. Жүйеге қатысушы банктер үшін қызмет көрсету тарифі төлем (аударым) сомасына қарамастан 1 теңгеден аз болады. Тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану аясында жобаның алғашқы қатысушылары «ЦентрКредит Банкі» АҚ және «Алтын Банк» АҚ (China CITIC Bank Corporation Limited EB) болып табылады. Басқа да бірқатар банктер жүйеге қосылу сатысында.

— ЦентрКредит банкі — аталған жаңа шифрлық өнімді әзірлеп, сынақтан өткізуге қатысуға бел байлаған санауды қаржы ұйымдарының бірі. Бір жарым айдың ішінде біздің қызметкерлеріміз бен Ұлттық банктің әріптестеріміз үлкен жұмыс атқарды. Әртүрлі банктердің клиенттері арасында мобильдік телефон нөмірі бойынша жедел төлемдер және — сілмиздің банктік жүйесі үшін маңызды қадам. Біздің жаоба қаржы нарығына қатысатын барлық ұйымдардың клиенттері үшін ашық, мобильді және ыңғайлы болуына ықпалын тигізеді деп ойлаймын, — деп атап өтті «ЦентрКредит Банкі» АҚ басқарма төрағасы Ғалым Хусенов.

Жүйеде көрсетілген қызметтерді кезең-кезеңімен дамыту жоспарланған отыр. Әпсөттік төлемдер жүргізу жүйесін енгізу пайдаланылатын төлем құралына (банктік шоттар, төлем карточкасы, электрондық өміяні) және қызмет көрсететін банкке қарамастан түрлі қашықтықтан қол жеткізу арналары арқылы қолжетімді, халыққа және бизнес субъектілеріне қолайлы, жылдам, сенімді және арзан төлем қызметін көрсетуге бағытталған.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ИПОТЕКА: ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Валюталық қарыздар теңгеге ауыстырылады

Ұлттық банк басқармасы биыл наурыда 2015 жылғы сәуірде қабылданған ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасына өзгерістер мен толықтыруларды бекітті.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Бағдарламала жеке тұлғалардың 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін теңгемен алынған валюталық ипотекалық қарыздарын Ұлттық банктің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша қайта қаржыландыру көзделеді. Валюталық ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға бас банктің қаражаты есебінен 150 миллиард теңгеден астам сома бөлінді. Өз кезегінде, банктер қарыздарды қайта қаржыландыруға кезеңде 136 миллиардтан астам сомаға сыйақы, өсімпұл (тырақсыздық айыбы) және комиссиялар бойынша қарыз алушылардың берешегін кешіретін болады. Бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша Қазақстанда жеке тұлғалардың валюталық ипотекалық қарыздарды теңгеге ауыстырылатын болды. Осы ретте Ұлттық банктің

қаржылық қызметтері тұтынушылар құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьев: «2016 жылғы 1 қаңтарда шетел валютасында табысы жоқ жеке тұлғаларға шетел валютасында жаңа ипотекалық қарыздар беруге тыйым салынғанын ескерсек, бағдарламаны күзеге асыру банктер қолжынындағы шетел валютасында берілген ипотекалық қарыздарды жоққа шығаруға және халық үшін келешекте валюталық төкекелді болдырмайды», — деп хабарлады.

Қаржы реттеушісінің өкілі банктер валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру мерзімі биыл 30 желтоқсанда, ал қарыз алушының қарызды қайта қаржыландыруға өтініш беру мерзімі одан екі апта бұрын, яғни 15 желтоқсанда аяқталатынын атап өтті. Қарыз алушылар өз берешегін бағдарлама талаптарына сәйкестігін анықтау үшін кредитор банкке өтініш беруге қажет.

Қазіргі таңда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «ФортеБанк» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «АТФБанк» АҚ, «Чеснабанк» АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «Bank Kassa Nova» АҚ, «Еуразиялық

банк» АҚ, «Алтын Банк» АҚ, «Сбербанк России» АҚ ЕБ, «Bank RBK» АҚ, «KZI Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank» АҚ, «Bank ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕБ, «Альфа-Банк» АҚ ЕБ, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ және «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИУ» АҚ валюталық ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға кірістірі. Биылғы жылдың 1 қыркүйегіндегі мәліметтерге сөйкес, екінші деңгейлі банктер валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатында 22,2 миллиард теңге сомаға 2 504 өтімділі мақұдлан, 11,7 миллиард теңге көлеміндегі сомаға 1 551 қарызды қайта қаржыландыры.

Қаржы реттеушісінің өкілі сонымен қатар бағдарламаның 2004-2009 жылдар аралығындағы кезеңде қарыз алған ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсетуге бағытталғанын атап өтті. Аталған кезеңде алынған қарыздарды қайта қаржыландыруға Ұлттық банк 130 миллиард теңге бөлі. Сондай-ақ соқа талап арты бергенде банктер төлейтін мемлекеттік баж салығы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушылардың 300 миллион

теңгеден астам сома көлеміндегі берешегі Ұлттық банктің қаражаты есебінен өтеліп, проблемалық валюталық қарыздар бойынша 8 миллиард теңгеден астам сомаға бағам айырмасы төленді. Биылғы 1 қыркүйектегі жағдайды айтар болсақ, бағдарлама аясында банктер тарапынан 154,3 миллиард теңге сомаға 24 853 қарыз мақұдлан, 131,5 миллиард теңге сомаға 22 665 қарыз қайта қаржыландырылған. «Бағдарлама талаптарына сөйкес келетін, бірақ қайта қаржыландыру үшін банкке өтініш бермеген қарыз алушылардың қарыздары бойынша белгіленген қайта қаржыландыру мерзімі аяқталғаннан кейін банктер қолданыстағы аңнамда көзделген қарыздарды өндіріп алу рәсімдерін қайта бастауға құқылы. Бұл ретте Ұлттық банк бұдан былай қарыз алушыларға банктердің өндіріп алу рәсімдерін жүргізуін тоқтата тұруға жәрдемдесе алмайды», — дейді А.Терентьев.

Жалпы алғанда, Ұлттық банк бағдарлама аясында ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсету үшін 300 миллиард теңге сомалан астам қаржы бөлін.

▶ САРАПТАМА

> [1]

Жалпы алғанда, ақша-кредит саясаты сипатына қатысты реттеушінің риторикасын қатайтуын атап көрсету қажет. Егерде базалық мөлшерлемесі бойынша шілдедегі шешімде ағымдағы жылы ақша-кредит жағдайларын жұмсартудың шектеулі әлеуеті туралы өңгіме болса, ал қыркүйекте реттеуші «ақша-кредит саясатын қатайту мүмкіндігін жоққа шығармайтыны» туралы айтты.

НАЛЫҚ FINANCE ПІКІРІ

Nalyk Finance КР ХБ-нің халықтың нақты ақшалай табыстарының салыстырмалы жағдайында аздаған өсімі аясындағы ішкі тұтынушылық сұраныс пен тұтынушылық несие-лендірудің ағымдағы он динамикасы инфляцияға белгілі дәрежеде қысым көрсетеді деген пікірін қолдайды, алайда бұл инфляцияға қарсы фактор басқаларымен салыстырғанда онша маңызды емес.

Nalyk Finance талдаушылары сондай-ақ КР ҰБ-нің республикадағы жағдайы көбінесе ұсынстар факторларымен айқындалады, алайда мұны да екі жағынан қарастыру қажет. Реттеушіден айырмалы, біз мәселе қырын біреу тікелей реттеушінің ақша-кредиттік саясатына төуелді деп есептейміз, дейді олар.

Nalyk Finance, реттеуші ықпалын тигізсе алмайтын, өндіріс шығындарының өсіп кеткенін атап айтады. Бөрінен бұрын мұның жанар-жағармайға (дизель, бензин, газ, көмір, т.б.) қатысы бар. Жанармайға бағалар белгілеудің қалай жүзеге асатынын күнтіргі күйінде қалып келеді, алайда бұл фактор инфляцияға барған сайын көбірек қысым жасуында. Жанар-жағармайға бағалардың айтарлықтай өсуі өзіндік күннан және үстемелі шығындардан көрініс табады, сөйтіп өз кезегінде барлық тауарлар мен қызметтерге бағалардың өсуіне өкеліп ұрындайды. «Өйтсе де, біздің пікірімізше, іргелі факторлардың ағымдағы жағдайына сөйкес келмейтін, бұл ұлттық валютаның қазіргі кезегі айтарлықтай құнсыздануы ең басты инфляцияға қарсы драйвер болып табылады. Біз нақ осы бағытта реттеушінің ақша-кредиттік саясатында айтарлықтай атқарылмаған істер бар деп есептейміз», — делінген есептемеде.

Nalyk Finance бағалауына, теңгенің долларға және рубльге бағамы қантардың аяғынан сәуір айының басына дейін іргелі факторларға сөйкес болды. Бұл уақытта мұнайдың Brent марканының бағасы шамамен барреліне 65-70 АҚШ доллары аумағында құбылса, теңгеге доллардың бағамы 319-323 мөлшерінде, ал теңгенің рубльге қатынасы 5,55-5,65 деңгейінде болды.

Инфляцияның өсу салдары



«Nalyk Finance» АҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы Мұрат ТЕМІРХАНОВ

Ресейге жаңа импорттарлар (2018 жылғы сәуірдің басынан) енгізілген кезден бастап теңгенің бағамы іргелі факторлармен сөйкестенуден қалды. Бүгінгі күнге жағдай мынадай күйде. Тамыздың жиырмамынан бастап мұнай барреліне 75 АҚШ долларын жоғары деңгейде орнықты. Сонымен бірге бұл кезеңде долларға қатысты тұрақты түрде 360-тан 370-ке дейін өсірілді, ал теңгенің рубльге бағамы шамамен 5,35-5,45 теңге аумағында құбылды.

Сөйтіп, сандардың орташа көріністерімен айтқанда, Nalyk Finance талдаушыларының пікірлері бойынша, теңге бағамының іргелі факторларға сөйкес болғанынан қазіргі уақытқа дейін ұлттық валюта долларға шаққанда шамамен 14%-ға өсірілген және рубльге шаққанда шамамен 4,5%-ға бекіген. Теңге бағамының мұндай өзгерісі Қазақстанға импорттың айтарлықтай қымбаттауына және жылдың аяғына инфляцияның желделуіне өкелетіні айқын. Бұл Қазақстандағы импорт құрылымымен тікелей байланысты.

Ресей Федерациясының Қазақстанға тауарлық импорт барлық импорттың 37%-дайын құрайды. Ресей Орталық банкінің ресми мәліметтеріне сөйкес, тауарлар жеткізу және Қазақстанмен сыртқы сауда келісімі бойынша есеп айырысулардың валюталық қатынастарындағы ресейлік рубльдің үлесі 2017 жылы 62,9%-ды (2014-2017 жылдардағы мәні 61,8% құрапты) құраған. Демек,

Қазақстанға жеткізілетін барлық импорттың тек 23%-ы ғана рубльмен төленеді екен. Импорттың қалғаны доллармен және айтарлықтай шама, теңгенің оларға қарағанда айта қаларлықтай әлсіреп қалған, басқа валюталармен мүлде аз төленетін көрінеді.

Осылайша, ұлттық валютамыздың долларға қарсы құнсыздануына ешбір негізсіз жол берілді, КР ҰБ валюталық арна арқылы экономикаға инфляциялық қысым трансмиссиясына жағдай жасаған және халық пен бизнесті девальвацияның өсуін күтуде де мәжбүрлеп отыр.

Рубльмен төленетін импорт үлесін ескере келе айтар болсақ, ресейлік валютаның өсуі теңгенің долларға бағамына салыстырмалы деңгейде онша көп болмауы тиіс. Nalyk Finance есептемелері бойынша, Ресейге қарсы биылғы енгізілген импорттың қалғанын теңгенің долларға іргелі негізделген бағамы бүгінгі күнге (қыркүйек айының басы — ред.) 345 аумағында, ал теңгенің рубльге қатынасы — 5,0. Мұндай бағамдар инфляцияға қарсы салыстырмалы түрде аз ғана қысым көрсетеді және сөйте тұра, импорт пен экспорт құрылымымен әдеттегідей теңдестіріп тұрады.

Компания негізгі сауда-әріптес елдердегі инфляцияның өсуі және АҚШ ФРЖ ақша-кредит саясатын қатайту сияқты сыртқы факторлардың айтарлықтай өсерін байқап отырған жоқ, дейді Nalyk Finance мамандары.

Бөрінен бұрын, КР ҰБ-нің түінді пайдалық мөлшерлемелерді көтеру бойынша АҚШ ФРЖ-нің саясаты теңгені одан әрі әлсіреуіне өкеліп соғайды, деген мәлімдемесімен талдаушылар келіспейді. Басқа жағынан, бұл рубльдің әлсіреуінен де болуы мүмкін.

Алайда, дамушы нарықтардағы капиталдың жылжытауы көзқарасы аяғына дейін сақталса, Nalyk Finance инфляцияның шектеулі деңгейде теңге бағамына өсерін тигізсе алмайтындығы деңгейге құлдырап кетті. Өзі кезегінде, теңге бағамына қысым жасайтын пайыздық арналар айтарлықтай шектеулі.

Жалпы алғанда, егер теңгенің долларға ағымдағы бағамы жыл аяғына дейін сақталса, Nalyk Finance инфляцияның шектеулі деңгейден (7%-дан көп болады) шығып кететінін, нәтижесінде КР ҰБ базалық мөлшерлемесі ұлғайтуға мәжбүр болатынын, ал бұл өсе түскен инфляцияның іргелі Қазақстан экономикасының дамуына кері өсерін тигізетінін сенімділігі кейінгі негізгі басым болжаммен растай алады.

Қаржылық талдаушылар пікірі, міне, осындай. Барін, өрине, уақыт көрсетеді және тек сонғы аптаның өзінде теңге бағамы сан құбылды. Алда, шын мәнінде, бұл бағытта түбегейлі өзгерістер орын алатыны даусыз ақиқат.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

НЕПІЗГІ ӨСІМ

Жергілікті үлес ұлғая береді

ҚПО шетелдік мердігерлерді қалай міндеттеуде?

> [1]

Осы арада Астанада өткен жинауда кенішті ұлғайтудың бірінші кезеңі, кен игеру ісінде қазақстандық қамтуды дамыту стратегиясы, жоба аясында тауарлар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі жоспарлар мен жеткізушілерге қойылатын талаптар таныстырылды. ҚПО Энергетика министрінің және «PSA» өкілетті органымен бірлес ұйымдастырған форумда жобалау, сатып алу және құрылыс саласында қызмет көрсететін 130-дан астам отандық және халықаралық компаниялар өзара әріптестікке шақырылды. Энергетика, Инвестициялық даму министрліктері, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі басшылықтарынан бөлек, ақуамда ұнқатысу алаңына Мәжіліс депутаттарының, Атамекен ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сервистік компаниялар мен машина жасаушылардың салалық одақтарының, Италия-Қазақстан сауда палатасының, сондай-ақ Ұлыбритания халықаралық сауда департаментінің өкілдерінің жиналуы форумның жоғары деңгейі мен жауапкершілігін аңғарта түсті.

Кен орнының қуаттылығын арттыру бойынша ала тұрған жұмыстарға, сондай-ақ Қарашығанақ жобасында жергілікті қамту перспективаларына тоқталған ҚПО бас директоры Эдвин Блом компания бұл бағыттағы саясатын жанартап, екі жылдық бағдарлама әзірлегенін жеткізді. Сол арқылы ҚПО еліміздің индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асыруға әрекеттестік жасап, күшейту бағытында. ҚПО қабылдаған әріптестік, ірі мұнай-сервистік келісімшарттар бойынша бірлескен кәсіпорындар құру үшін міндетті

шарттарды енгізу стратегиясы соңғы екі жылда отандық компаниялардың басым бөлігін тартуға, оларға күрделі жобаларға қатысуға мүмкіндік берді. Енді бұл тәжірибе Қарашығанақ кенішін ұлғайту жобасында жалғасын тауып, сол арқылы ҚПО Батыс Қазақстан өңірінің, жалпы республика экономикасының дамуына үлесін арттыра түспек.

Жинауда белгілі болғандай, компания жақын арада жобалау, жеткізу және құрылыс қызметтерінің тұрақты жеткізушілерін алдын ала дәрежеленді бастайды. Бұл ретте нарық ойыншыларына қазақстандық компаниялардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындар немесе консорциумдар құру, қазақстандық жабдықтау мен материалдарды міндетті түрде сатып алу, сонымен қатар жергілікті мамандарды дамыту жөнінде шарттар қойылады. Осылайша «ҚПО Б.В.» Қарашығанақтағы шетелдік мердігерлерді қазақстандық қондырғылар мен материалдарды сатып алуға міндеттей отырып, мұнай-газ саласына қажетті өнімдерді шығаратын отандық өндірістің өркендеуіне ықпал етеді.

ҚПО бас директорының орынбасары Марат Көримовтің айтуынша, соңғы жылдары қазақстандық өндіріс тауарларын сатып алу құрылымында елеулі өзгерістер орын алды. Егер бұрын бензин, дизель отыны, табиғи газ, сұйық азот секілді салыстырмалы түрде төмен қымса құнды тауарлар сатып алынса, қазірде ұзақмерзімді келісімшарттар шеңберінде компания аса ауыр және қалың қабырғалы сепараторлар, модульді электрлі қосымша станциялар, металл конструкциялары, трансформаторлар, жылуалмастырғыштар, бұрғылау қашаулары, бұрғылау құбырлары,



шарлы клапандар, химиялық өнімдер секілді технологиялық тұрғыда анағұрлым жоғары, күрделі материалдарды сатып алуға. ҚПО талаптарына сай келетін мұндай материалдар бұрын елімізде өндірілмеген. Бұл ретте ҚПО тәндерге қатысушылардан республикада «Қазақстанда жасалған» маркасын өндірілген, белгіленген параметрлерге сәйкес келетін жабдықтарды жеткізуді талап етеді. Қазірде жұмыстар мен қызмет көрсету саласында қазақстандық қамту деңгейі 70 процент болса, бұл көрсеткішті әлі де арттыру көзделіп, басты назар қазақстанда жасалған тауарларға аударылып отыр. Өз кезегінде отандық кәсіпорындар халықаралық сапа стандарттарына сәйкестікке ұмтылулары шарт. Бұл консорциумның болашақтағы барлық жобаларында жергілікті қамтуды арттыруға тікелей әсер етер еді.

Быылдың бірінші жарты жылында ҚПО-дағы тауарларды, жұмыстар

мен қызметтерді жеткізу бойынша жергілікті мазмұн үлесі 56%-ке жетіп, бұл ақшалай түрде 200 миллион доллар болды. Жалпы алғанда, 1997 жылы өнімді бөлу жөніндегі түпкілікті келісімге қол қойылған кезден бастап ҚПО-ның сатып алуындағы жергілікті үлес 6,7 миллиард АҚШ долларын құраған.

Қарашығанақ жобасын жүзеге асырушы компаниялардың басын біріктіретін, әлемдегі ірі мұнай-газ конденсаты кеністерінің бірінің операторы болып табылатын «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» консорциумы 1997 жылы Қазақстан Үкіметі мен халықаралық консорциумда серіктестер қол қойған өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге сәйкес жұмыс істеуде. Бүгінде Қарашығанақ жобасына бөсе ел – «RoyalDutchShellplc» (Нидерланды, Ұлыбритания), «Eni» (Италия), «Шеврон» (АҚШ), «Лукойл» (Ресей) және «КазМұнайГаз» (Қазақстан) қатысып отыр.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ITU TELECOM-2018 WORLD

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қазақстан Халықаралық электр байланыс одағымен (ITU) бірлесіп байланыстың бесінші толқынын енгізуге дайын.

Бұл туралы ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Оңтүстік Африка Республикасында өтіп жатқан (10-13 қыркүйек) Халықаралық электр байланыс одағы дүниежүзілік форумында мәлім етті. ITU Telecom-2018 World форумы аясындағы министрлердің дөңгелек үстелі барысында үкіметтердің интеллектуалдық цифрлық технологияларды дамыту шарттары, жаңа цифрлы әлемнің қауіп-қатерлерін жою және цифрлық технологияларды дамытуға қаржыландыру мәселелері талқыланды. Дәурен Абаев өз баяндамасында жаһандық экономиканы дамыту мен адамдардың өмір сүру жағдайының сапасын арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) маңыздылығын атап өтті. Осы ретте еліміздің жетістіктері мен ала тұрған тәуекелдер туралы айта келіп, министр «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының айрықша рөліне тоқталды. «Бұл бізге АКТ саласын сапалы дамытуға жана кезеңіне шығуымызға мүмкіндік береді. Қазақстан Халықаралық электр байланыс одағымен бірлесіп бесінші байланыс толқынын енгізуге, кен жолақты интернетті ұсыну үшін геостандарттарды емес спутникті кенінен қолдануға дайын», — деп атап өтті Д.Абаев.

Министр форум аясында Халықаралық электр байланыс одағының бас хатшысы Хоулин Чаомен, ITU электр байланысын дамыту бюросының директоры Брахим Санумен, Сауд Арабиясы коммуникациялар және ақпараттық технологиялар комиссиясының төрағасы Абдулазиз Бин Салем Ал Руаиспен және Эзербайжан көлік, байланыс және жоғары технологиялар министрінің орынбасары Эльмир Тоғри оғлу Велизлеммен кездесті.

ЕГІН ОРАҒЫ – 2018

ЕГІСТІКТЕН ЕСКЕН ЛЕП

Қазіргі күні еліміздің егістік алқаптарында 6,5 миллион тонна астық бастырылды.



Ауыл шаруашылығы министрінің 12 қыркүйектегі мәліметтеріне сәйкес, дикандар қауымы 5 120,1 мың гектар алқаптың астығын жинап алды. Бұл жалпы еліміздегі егістік алқаптарының 34,1 пайызын құрайды. Орташа астық өнімділігі гектарына 12,8 центнерден айналады. Былтырғы жылдың осы мерзімінде 11 354,5 мың гектар немесе облыстардағы жалпы егін алқабының 74,2 пайызы бастырылып, 14 326,2 мың тонна астық оралды.

Был еліміз бойынша 15 005,1 мың гектар егістік алқапқа дән сіңірілді. Өткен жылы 15 300,6 мың гектар жерге егін салынған болатын.

ДЕНСАУЛЫҚ

ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕК – ОНЛАЙН БАҚЫЛАУДА

Өткен 8 айдың ішінде 1,5 миллион науқасқа тегін дәрі-дәрмек жеткізілді.

